

Іскерлік

ЭТИКЕТ

Дүсіпбаева Қ.С.



сенімді,
тартымды

тәуелсіз

ОПТИМИСТ,
тек
жақсылық
көруге бейім

күшті қуат

байсалды және ұстамды
болу

қоршаған ортаға
сыйластықпен қарау.

өздеріне деген
қызығушылықты жеңіл
қабылдау

СЫПАЙЫҒЕРШІЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ

Такт

Қайырымдылық

Қабылдау

Келісім

Ұнату

Инабаттылық

Әдептілік
принциптері

Барлық жұмысты дер кезінде орындау

Артық сөз айтпау

Сыпайы, мейірбанды, бауырмал болу

Басқаның пікірін сыйлау

Сәнді киіну

Таза сөйлеу және жазу

Адам аттарын дұрыс айту




Деловой мужчина в строгом костюме с улыбкой протягива


© Syda Productions / Фотобанк.Лори

lori.ru/5.937.915






Жеке қарым-
қатынас



Әлеуметтік ара
қашықтық



Мәжіліс,
жиналыстар

Тиімді тыңдай білу тәсілдері:

1. Тыңдаушының көзіне тіке қарап отырыңыз. Сіз мұнымен оны ынта қойып тыңдағаныңызды білдіресіз.
2. Сөйлеушіге өзіңіздің тыңдап отырғаныңызды «иә,иә», «түсінемін» деген сөздер немесе басыңызды изеп қоштау арқылы сездіре аласыз.
3. Сөйлеушіге шынымен де тыңдап қана емес, түсініп отырғаныңызды да білдіріңіз. Егер бір нәрсеге түсінбей қалсаңыз, сұрақ қойыңыз.
4. Сіздің отырысыңыз, қимыл - қозғалысыңыз тыңдап отырғаныңызды білдірсін, сөйлеуші ынталы, тірі адаммен сөйлесіп отырғанын түсінуі тиіс.
5. Сізге айтылған әңгіменің мәнін түсіне біліңіз. Бұл оңай емес, өйткені Сіздің ойыңыз бір айтылғанды терең ойлап, соны қуып кетсе, келесі айтылғандардан хабарсыз қалуыңыз мүмкін. Ой «адасуына» жол бермеңіз.

6. Ойды түсінуге ғана емес, сөйлеуші сезімін түсінуге де ден қойыңыз. Адамдардың өз ойы мен сезімдерін әлеуметтік нормалармен қабылдағандай, «құпиялап» беруі мүмкін екенін есте ұстаңыз.
7. Байқағыштық - жақсы қасиет. Сөйлеушінің бет құбылысының сипаттарын, сізге қалай қарағанын, қалай отырғанын немесе тұрғанын, әңгіме кезінде өзін қалай ұстағанын бақылаңыз.
8. Өзіңіздің сезіміңізді де дәл беріңіз, бұл жағдайды айқындап, әңгімедегі кедергілерді жояды.
9. Қолдау білдіре отырыңыз. Сіздің ол қолдауыңыз сөйлеушінің ойын дәл жеткізуіне ықпал етеді. Сіздің тарапыңыздан болған кез келген жағымсыз реакция сөйлеушінің қорғаншақтауына, өзіне сенімсіздігіне соқтырады.
10. Айтылғанды қайталау. Тыңдап отырғанның белгісі ретінде айтылған ойды, түсінігін және т.б. басты деректерді айшықты дауыспен ерекшелей отырып қайталауыңызға болады. Мысалы: «Егер мен сізді дұрыс түсінсем....», «Басқаша айтқанда....»
11. Тілеулес екеніңізді сездіріңіз. Сіз оның сезімі мен алаңдаушылығын түсінетіңізді білдіріңіз.
12. Сізден кері байланыс талап ететінін есте сақтаңыз. Мұндайда қажетті әрекет - әңгімелесушіге жауап беру.